

## Байланыс қызметінің тарифтері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 мамырдағы N 732 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

**Ескерту. Мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.17. N 258**

қ а у л ы с ы м е н

Байланыс қызметіне баға белгілеу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақтелеком" Ұлттық акционерлік компаниясына Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге берілетін (халықаралық) телефон-телеграф байланысының қалааралық қызметіне Халықаралық телефон және телеграф жөніндегі консультативтік комитетінің ұсынымына және алып пайдаланудың арнаулы құқықтары негізіндегі Байланыстың Аймақтық Ынтымақтастығының шешімдеріне сүйене отырып, 1995 жылғы 1 маусымнан бастап тариф белгілеуге құқық берілсін.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік почтасына Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге берілетін почта байланысы қызметтеріне Дүниежүзілік почта Одағының ұсынымына және пайдалана тұрудың арнаулы құқықтары (ПАҚ) негізіндегі Байланыстың Аймақтық Ынтымақтастығының шешімдеріне сүйене отырып, 1995 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тариф белгілеуге құқық берілсін.

Валюталарды теңгеге есептеу байланыс қызметі көрсетілген айдың басында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданылып жүрген ресми бағамы бойынша жүргізілетін болып белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1995.08.29. N 1201**

қ а у л ы с ы м е н

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі барлық тұтынушылар үшін Қазақстан Республикасы ішінде көрсетілген байланыс қызметі негізіндегі тарифтерді реттейді деп белгіленсін.

3. "Қазақтелеком" Ұлттық акционерлік компаниясы байланыс

кәсіпорындарын техникалық құралдармен жабдықтау шаралары бойынша жергілікті сөйлесулердің уақытына қарай құнын есептеуді енгізуді жүзеге асырсын .

4 . < \* >

**Ескерту. 4 тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен.**

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК